



**«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен»
халықаралық студенттік ғылыми-практикалық
конференциясының
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
международной студенческой научно-практической
конференции
«Педагогическая наука глазами студентов»**



Қостанай, 2019 ж.

Қостанай, 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

II 24

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ташетов Аманжол Асқарұлы**, ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы, PhD докторы, психология және дефектология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ермаганбетова Акбота Жаналыковна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**II 24 ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН
=ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ. – Қостанай,
2019. - 157 б.**

ISBN 978-601-7934-80-4

«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

Жинаққа «Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: магистранттар мен студенттер білім беру үрдісінің сапасын арттырудың, білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелерін талқылады.

Осы жинақ студенттерге және магистранттарға арналған.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

БҮГІНГІ ЖАСТАРДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН САЛТ-ДӘСТҮР МЕКТЕБІН САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Умарова Гулниса Сабырбекқызы,
Жоломанова Махаббат Қайіргелдіқызы
«Педагогика және психология» мамандығының
2-курс студенттері
umarovagulnisa@gmail.com
Хамзина Күлшат Бақытжанқызы
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ,
п.ғ.м., педагогика кафедрасының аға оқытушысы,
hamzina_67@mail.ru

Аннотация

Мақаладан қазіргі таңда жастардың отбасылық құндылықтарды, салт-дәстүрді қаншалықты білетіндігі және де оны қандай деңгейде ұстанатындығы жайлы жалпы мәлімет аласыздар. Сонымен қатар, отбасы құндылықтарын сақтап қалуда отбасындағы дәстүрлі тәрбиенің қаншалықты маңыздылығы екендігі көрсетіледі.

Аннотация

Из статьи вы найдете общую информацию о том, насколько молодые люди знают и соблюдают традиции семейных ценностей в современном мире. Также показывает, насколько важно традиционное семейное воспитание, для сохранения семейных ценностей.

Abstract

From the article you will find general information about how young people know and follow the traditions of family values in the modern world. It also shows how important traditional family education is to preserve family values.

Түйін сөздер: *Отбасы, құндылықтар, модернистік құндылықтар, стереотиптер, әлеуметтік тәжірибе, психологиялық қажеттіліктер, дәстүрлі жолдаулар, әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар, құндылықтардың бұзылуы, әдепке жат қылықтар*

Ключевые слова: *Семья, ценности, модернистские ценности, стереотипы, социальная практика, психологические потребности, традиционные сообщения, социальные науки, потеря ценностей, аморальный характер*

Keywords: *Family, values, modernist values, stereotypes, social practices, psychological needs, traditions communications, social sciences, lost of value, immoral character.*

Отбасы адамның жақсылық жасауға үйрететін ең бірінші әлеуметтік ортасы. Қазіргі қоғамдағы отбасылық құндылықтардың, жастардың бойында адамгершілік қасиеттердің жоғалуы, тәрбиенің төмендеуінің өте кең өріс алуы көрініс табуда. Қазіргі кезде отбасылардың келіспеушілігінен рухани құндылықтардың азаюы артып жатыр.

Отбасы - бірлесіп күн көретін, туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыдан мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы [1].

Отбасы азаматтық мінез-құлықтың негізін қалыптастырып, жастарға өзінің мәдени және әлеуметтік тәжірибесін сіңіреді. Жастар үшін отбасы әке мен анаға, олардың түсінігі мен қолдауына, өз «Менін» жүзеге асыруға және тағы басқа әлеуметтік және психологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін таптырмас орын. Осы көзқарас тұрғысынан алар болсақ, отбасы - маңызды құндылық. Сондай-ақ, қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгерістер ең алдымен отбасыға ықпал етеді. Шын

мәнінде, отбасы саласында соңғы бірнеше онжылдықта дәстүрлі рөлдің, көзқарастардың және стереотиптердің әлсіреуі байқалады. Осындай өзгерістердің негізінде екі жұптың таңдау еркіндігінің кеңеюі, олардың теңдігі, өзін-өзі дамыту мүмкіндігі сынды модернистік құндылықтар жатыр.

Жастар отбасылық құндылықтар дегенді естігенде көз алдарына бірден құндылықтар түсіп, бір - бірімен ортақ тіл табыса алады. Бірақ дәстүрлі отбасылық құндылықтардың әртүрлі болғанына байланысты адамдар осы тақырыпта ортақ тіл табыса алмайды.

Дәстүрлі отбасылық құндылықтар дегеніміз – қарт адамдардың жас отбасыға берген ақыл - кеңестері. Қазіргі таңдағы жас отбасылардың ажырасу статистикасы өскеніне байланысты жас отбасыларға олардың дәстүрлі отбасылық құндылықтары туралы теледидардан, ғаламтордан көруге болады. Әр отбасыда бұл құндылықтар әртүрлі. Бірақ олардың ұқсас жақтары да бар. Мысалы, кез - келген жанұяда дінді сақтау, некені бұзбау, ұрпақ жалғастыру, баларды тәрбиелеу деген дәстүрлі отбасылық құндылықтар ортақ болады.

Қазіргі отбасылық құндылықтар. Қазіргі таңда жас отбасылар бұрынғы салт - дәстүрді ұстануда. Бірақ сол ұстанымның өзгеруіне байланысты олар әр отбасыда әртүрлі. Ол ұстанымның өзгеру себептері заманның өзгеруіне байланысты. Себебі әр замандағы адам әртүрлі. Мысалы, бұрынғы замандағы отбасы құндылықтарымен қазір өмір сүру мүмкін емес. Бұрын адамдар әйелдеріне орамалды сыйға тартса, қазіргі жас отбасылар бір - біріне гүл немесе көйлек сыйлайды. Сонымен қатар қазіргі отбасылық құндылықтарға махаббат, сенім, түсіністік және т. б жатады[2].

Жастардың негізгі бөлігі отбасылық бақыт құндылығын «өте маңызды» деп көрсетуі, Қазақстан жастарының отбасын бірінші кезекке қоятындығын дәлелдейді. Біздің зерттеуіміздің тақырыбы «Жастардың отбасылық құндылықтар мен салт дәстүр мектебін сақтау мәселесі». Осы тақырып бойынша студенттер арасында сауалнама жүргіздік. Біздің зерттеуіміздің нәтижесі бойынша, ата-ананың кеңесіне ер жігіттерге қарағанда қыздар көбірек жүгінеді. Қыздар көбіне анасы және нағашыларымен жақын байланыста болады. Сұралған қазақ қыздарының 80%-ы енесін «мама» деп атайды. Бұл қазақ менталитетіне сай дүние. Қыздардың барлығы дерлік отбасылық дәстүрді, туыстық қатынастарды сақтау кез-келген отбасының берекесін сақтауға мүмкіндік береді деп санайды. Жауап бергендердің 68%-ы отбасы рухын қалыптастырып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін отбасылық салт-дәстүрлер маңызды екендігін көрсетті. Зерттеуімізде қазақ ұлтының 95%-ы ұлттық салт-дәстүрлерді өте жақсы білетіндігі және 78%-ы оны сақтайтындығы анықталды. Қазіргі жастар өз этникалық бірлігін отбасылық құндылықтар арқылы бағалап, таниды. Олар өз халқының тарихын, оның салт-дәстүрлерін біледі және өз бетінше танып-білуге ұмтылады

Демек, отбасы-адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі

Жаңа 2019 жыл қазақстандықтар үшін ерекше жыл, өйткені Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өткен жылғы 5 қазандағы Жолдауында оны – Жастар жылы деп жариялаған болатын, Президент жастардың бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды. Ол жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Қазақстанның 10-15 жылдан кейін қандай болатыны көп жағдайда мүлдем жаңа жағдайларда білім алып жатқан студенттерге, жастарға тікелей байланысты болғандықтан, Мемлекет басшысы жастарға ерекше басым көңіл бөледі, өйткені нақ осы ұрпаққа жаңа, қазіргі заманға сай Қазақстанда өмір сүріп, жұмыс істеу бұйырған. [3]

Әр көкірегі ояу қазақ баласының ұлттық құндылықтарды меңгеруі оның отбасылық құндылықтарды меңгеруінен басталады. Ұлттық құндылықтар және отбасылық

құндылықтар барлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алғанда құндылықтар адамның жеке тұлға ретінде өз өміріне деген жауапкершілігін қалыптастыру, рухани әлемін байыту адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастардың маңыздылығын көрсету үшін қолданылады. Егерде жастар отбасының үлкен құндылық екенін түсініп, ата-ана алдындағы парызын өтеуге бейімделген болса, өсе келе ол бұл бағыттың біртіндеп Отан алдындағы борышымен, азаматтық парызына ұласатынын аңғарады. Сондықтан әр ата-ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын меңзейді.

Қорыта келе, бүгінде отбасы құндылықтарымыз үлкен қауіпте. Жаһанданып жатқан дүниеде қоғам ретінде «заманауи» деген ұранмен ұсынылып жатқан әдепке жат қасиеттерді сіңіріп, ақырын-ақырын түп тамырымыздағы құндылықтарымызды жоғалтып келеміз. Бұған жол бермейік! Маскүнемдік, есірткі, ұрлық, зорлық-зомбылық секілді барлық жамандықтардың түбі - негізінде отбасылық құндылықтардың бұзылуынан бастау алады. Бұл ақау дұрысталмайынша қаншама шырылдасақ та, қаншама ұрандатсақ та нәтиже өзгере қоймайды. Ұмытпайық, отбасы күшті болса, адам да, қоғам да күшті болады. Отбасылық құндылықтарымызға бакем болмасақ, келеңсіздіктер шешілмейді. Шешім-отбасылық құндылықтарымызды сақтап қалу. Қай қоғамда өмір сүрмейік, ұрпақ-ол біздің болашағымыз, жарқын күндеріміз. Сондықтан болашағымызды қазіргі сәттен жақсы тәрбиелесек, ертеңгі күнімізге сеніммен басуға болады деп нық айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. Шошақов Ә. Халық тәлім - тәрбиесі. – Алматы., “Рауан, 1994. 112б.
3. https://e-history.kz/kz/publications/view/2019_zhil_zhastar_zhili_4808

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз.....	3
<i>Бережнова Е.В.</i> Система заданий по реализации принципа перехода от обучения к самообучению в профессиональной подготовке магистрантов.....	4

СЕКЦИЯ 1. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

<i>Амангельді Ф., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	10
<i>Әнуарбек Ә. Ж., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи сабақтарда белсенді оқыту стратегияларын пайдалану жолдары.....	16
<i>Бектаева Ә. Б., Утегенова Б. М.</i> Мектепте топтық жұмысты ұйымдастырудың психологиялық- педагогикалық шарттары.....	21
<i>Едрес Т. Н., Ермаганбетова А. Ж.</i> «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде студенттердің ғылыми ізденістеріндегі педагогикадағы өзекті мәселелер.....	25
<i>Жаппар А. С., Хамзина К. Б.</i> Ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы.....	28
<i>Қуаныш А., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін педагогика сабақтарында қалыптастыру жолдары.....	31
<i>Макатова А., Қалиев Д. Д.</i> Балаларды әлеуметтендіру мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдалану (акт).....	35
<i>Нұркелді П., Аканбаев Б. Н.</i> Ақпараттық коммуникативтік технологиялардың оқушы денсаулығына оқушы денсаулығына әсерін төмендету жолдары.....	39
<i>Сағындық С. Д., Утегенова Б. М.</i> колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін педагогикалық басқару жолдары.....	43
<i>Сартаев Р., Қалиев Д. Д.</i> Оқушылардың бос уақытын шығармашылыққа пайдалану.....	47
<i>Сулейменова Г. А., Хамзина К. Б.</i> Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі.....	50

СЕКЦИЯ 2. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

<i>Жаналинова С. А., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи мектептердегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру: назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесінен.....	54
<i>Қайырғали Н., Қалиев Д. Д.</i> «Өз бағытынды тап» бағдарламасы кәсіби бағдарлаудың формасы ретінде.....	57
<i>Қуанышбекова Н., Утегенова Б. М.</i> «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құруға педагогикалық қолдау.....	60
<i>Нуржигитова М. Қ., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттеріне патриоттыққа тәрбиелеуде “Туған жер” атты ұлттық бағдарламаның іске асыру жолдары.....	65
<i>Сәбитбек Ж., Шалгимбекова А. Б.</i> Отбасы – әлеуметтендіру үдерісінің жетекші институты.....	70

Умарова Г. С., Жоломанова М. Қ., Хамзина К. Б. Бүгінгі жастардың отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүр мектебін сақтау мәселелері..... 76

СЕКЦИЯ 3. «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ В СТУДЕНЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ»

<i>Абдрахманова А.Б., Басанова Ж. М., Иванова Е. Н.</i> Тематический классный час как одна из эффективных форм реализации программы воспитания школьников.....	79
<i>Ажмолдаева М. Д., Иванова Е. Н.</i> Некоторые направления работы социального педагога с семьей, воспитывающей «особого ребенка».....	83
<i>Алимгасинова Г., Лантух Я., Заяц М., Мнайдарова С.С.</i> Портфолио учителя как показатель роста профессиональной компетентности.....	88
<i>Вайленко М. Е., Дзыгало М. А., Бондарь Л. А., Мнайдарова С.С.</i> Технологический подход в обучении.....	94
<i>Вишняк В. В., Иванова Е. Н.</i> Взаимодействие семьи и школы в формировании активной педагогической позиции родителей.....	100
<i>Вишняк В.В., Горбачёва О.С., Мнайдарова С.С.</i> Модель образовательной системы в контексте компетентного подхода к образованию.....	103
<i>Горбачёва О. С., Иванова Е. Н.</i> Некоторые формы реализации направлений воспитания по формированию системы ценностей старших школьников.....	109
<i>Дордый И. О., Кияшко И. А., Молокова А. А., Мнайдарова С.С.</i> Роль лидерства в педагогическом менеджменте.....	113
<i>Жуматова Д. С., Бекенова А. К.</i> Применение информационных технологий как средства интенсификации процесса обучения в вузе.....	120
<i>Жусупбекова Г., Медведок С., Кулагина С., Мнайдарова С.С.</i> Конфликт как явление и феномен социальной сферы жизнедеятельности человека.....	126
<i>Идрисова А. М., Бекенова А. К.</i> Актуальные проблемы педагогики в студенческих исследованиях.....	136
<i>Маусынбаева Д. С., Амединова Ж. О., Мнайдарова С.С.</i> Роль молодежных общественных организаций в казахстане.....	139
<i>Моркель Е. А., Равинская В. А., Фирсова П. А., Мнайдарова С.С.</i> Управление инновациями в современной школе.....	141
<i>Швецов А, С., Самохина И. А., Мнайдарова С.С.</i> Особенности экологического воспитания студентов.....	146
Конференция тұжырымдамасы.....	151
Резолюция конференции.....	153